

А. Қ. Қалиев, қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі;

Б. Қ. Сәрсекей, Жоғары оқу орнына кейін институттың магистранты, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЗИЯННЫҢ ОРЫНЫН ТОЛТЫРУ БАРЫСЫНДА ТІНТУ ТЕРГЕУЛІК ӘРЕКЕТІН ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процесс-тің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ

соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді.

Осы заңмен белгіленген қылмыстық істер бойынша өндірістің тәртібі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден, негізсіз айыптау мен соттаудан қорғауға, кінәсізді заңсыз айыптаған жағдайларда оны кідіріссіз және толық орнын толтыруға, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті күшейтуге, құқыққа деген сыйластық қатынасты қалыптастыруға жағдай жасауға тиіс.

Тінту Қазақстан Республикасы ҚІЖК 230-бабымен көзделетін тергеу әрекеті болып табылады, оның негізгі мазмұны ғимараттарды немесе өзге де орынды, тұлғаны, іс үшін маңызы бар, қылмыстық жолмен алынған қылмыстық құралдарды, заттар мен құндылықтарды, сонымен қатар өзге де заттар мен құжаттарды алу мақсатында мәжбүрлі түрде жүргізілетін тексеріп қарау. Көп ретте тінту іздестіріліп жатқан адамдарды, жануарларды немесе мәйіттерді табу үшін де жүргізіледі. Тінту — ұйымдастырушылық-тактикалық мағынада комплексті әрекет, ол жоспарлы шараларды жүргізу мен одан кейінгі қылмысты ашу үшін маңызды заттарды (құжаттарды) алумен байланысты.

Жасырылатын объектілерге келетін болсақ, онда оларға әдеттегідей, контрабандалық заттар, баж салығы төленбеген тауарлар, түрлі құжаттар, соның ішінде қандайда бір қылмыстың жасалуы мен жасырылуы жайында ақпараттар алуға болатын күнделіктер, жазбалар, қойын дәптері, хаттар және өзге де құжаттар жатады.

Тінту тергеу әрекетінің психологиялық негізі толық құрастырылған түріне жатады. Сонымен қоса тінтудің психологиялық заңдылығын айқындау оны таным жоспарында тергеу — соттық практикада үлкен маңызы бар. Психологияның таным рөлі тінту кезінде өзін екі негізгі бағытта көрсетеді:

1) сол немесе басқа объектінің жасыру негізін құрайтын психологиялық заңдылықты құру;

2) осы тергеу әрекетін ұтымды кәсіпшілікке бағытталған, тактикалық әдістерді ұйымдастыруы.

Тінту кезінде алынатын құралдарды, тығып қойған адамның бет-әлпетінің әрекеті негізінде жатқан ой құрылысын көруінде жасырудың психологиялық таным рөлі қорытындыланады. Іздеп жүрген затты табу үшін, тыққан адамның психологиясын білу керек. Берілген міндет қойылу және міндеттерді шешуін тудырады. Бұл міндеттерге жататындар:

а) жасыру жерін таңдау;

б) жасырғанды маскалау;

в) өткен тінту әрекетіне немесе келесі тінту әрекетіне мінез таңдау.

Жасыру орнын таңдау бойынша міндеттері өте қиындау болып келеді, себебі ол жер тінтетін адамға, әлемге субъекті түрінде жетпестік болу керек. Ондай орынды таңдау ұрлаушының тұру орнымен және үйдің алдындағы құрылыспен шектеледі, демек, жасыру үшін мүмкіндігі. Үйдегі барлық үй мүлік заттарын, едендерді, қабырғаны, төбені жасырыну үшін пайдалана алмайды. Жасырыну үшін пайдалануға болатын объектілердің саны және оларды таңдау жасырушының затының көлемі, түрі, мөлшері, нысанына байланысты. Сондықтан, сол немесе басқа объектінің жасыруымен байланысты міндетті шешу негізінде қатаң шектелген және де жасыру туралы үйреншікті түсінік шектен шыға алмайды. Жасыру үшін берік орын таңдау кезінде адамның кәсіпшілік дағдысы және бет әлпетінің маңызының мәні бар. Өзінің мамандығымен байланысты екені белгілі болып, сол орындарды жасыру мақсатымен пайдалану үшін кәсіпшілік дағды мүмкіндігін ашады.

Жасырынғанды тауып алу үшін тергеуші білгісі келген адамның мамандығы туралы білу керек, және де құпия орнын жасау үшін қандай кәсіпшілік дағды мәліметтерін пайдалана алатын маманнан кеңес алу талап етіледі. Өйткені, жасыру әдісі айыптаушының таным сапасының жиынтығымен ескертіледі. Оның ой өрісімен, мүмкіншілігімен, елестетуімен айқындалады. Егер субъектінің осындай жоғары дамыған сапасы болса, онда оған жасырудың ұтымды орнын таңдау оңай болады. Іздеуге кедергі жасайтын жағдай жасайды. Берік әдістерді ойластырады.

Жасыру үшін орын таңдап алғаннан кейін, тыққан тұлға ол орынды бүркемелеу бойынша жұмысын шешеді. Бұл жұмыс немесе міндет өздік немесе жасыру орнын іздеу бойынша міндетпен байланысты болуы мүмкін. Екінші жағдайда жасыру үшін орын, тығушының орны бойынша бүркемелеу мәліметтері болады және де қосымша қаруын қажеттілік етпейді.

Жасыру жерді маскалау, тығушының интеллектуалдық міндеттерінің бірі болып келеді, сол орын назар аудартпау керек, сондықтан да ол жер күдік келтіртпеу керек. Интеллектуалды міндеттің бір түрі — маскалау (бүркемелеу). Маскалауды тығушылар шешеді, ол назар аудартпау керек және онымен қоса күдік келтіртпеу керек.

Тінгілген адамның маскалау мінезінің екі түрі болады: пассивті және активті. Пассивті адам байланыспайды: үндемейді; бір ғана сөзбен жауап береді; бір орында жүріп алады; іздеген затты көрсеткісі, орнын айтқысы келмейді: мысалы, чемодан, сандықшаның ішінде не бар екендігін көрсеткісі келмейді. Активті түрі керісінше келеді. Тінту кезінде тергеушіге көмектесіп, ізделіп отырған заттың жоқтығын білдіріп, жағдаяттар жасайды. Мұндай мінездің ішінде қызметшілік және тергеушінің жұмысын жеңілдеткісі келгенін көрсеткісі келеді. Мұндай жағдайда тінтуге кедергі жасамау үшін тергеуші назарын басқаға аудару үшін сұрақтар қояды, басқа үй немесе басқа мүліктерді іздеуге ұсыныс жасайды. Көбінесе назарын басқаға аудару үшін алдын ала ойластырып қояды (естен танып қалу, отбасының бір мүшесінің ұстамалы ауруы ұстайды, аяқ астынан ауырады және тағы басқалары).

Маскалаудың бір үлкен түрі тергеуші өзі бассыздықпен және бассыздық ашуландырады. Бассыздықпен ашуланған адамның беті не қызарады, не бозарып кетеді, қолдары дірілдейді, тер шығады және тағы сондай әрекеттер болады. Ал бассыздық жағдайда оның реакциясы қолын сипалай береді, жөтеледі, бетін сипайды, қарындашты тістелейді, мұндайда алаңдап тұрғанын тергеушіден жасыра алады. Мұндай маскалаудың түрі болып жатқан жағдайдан іштей алаңдатады. Тінту кезінде пайдаланатын қоздырғыштар (ашушандық) сөздік түрі болады және де өздігімен әртүрлі бола алады. Оның біреуі тергеушінің нақты жасырылған заттар туралы білетінін бағыттайды, ал басқалары жасырынған заттың табатынына сенімдігін, үшіншіден, ізделіп жатқан заттар тінтілушіде екені туралы хабардар болған тергеушінің жанама куәландыратын мәліметтер бар, төртінші — тығылған заттарды беру мүмкіндік сендіру элементтері. Осы жазылғандардың мақсаты біреу — нәтижеге жетудің бағыты әртүрлі. Тергеушінің әрекеті тінту кәсібімен байланысты, үйдің жеке заттарына назар аудару, оның орналасуы, бөлмедегі заттардың бейімделуі де қызықтыратын түрі. Рефлекстік басқару — бұл басқа адамның ойлауын имитациялау немесе әртүрлі қызметтердегі азаматтармен өзінің жеке нақты байланысты болғаннан кейін даралық етіп таңдау.

Тінту кезіне алдын ала болжап немесе сенімділікпен айтылған, олардың қылмыс жасағаны болады. Тінтушілер таба алмау үшін жасырудың ондай орнын таңдауға бағытталғанында, ол ойлау қызметін шамалайды. Ондай ойлау тығушылыққа өзінің мүмкіндігін ғана емес және өздерінің арасының мүмкіндігінің есебін алдын ала анықтайды. Сонда тінтушілерге жету қиын болу үшін, жасыруға орнын таңдаумен байланысты ол ойша міндет есептейді, сонымен анықталған заттарға орын таңдайды. Осындайда тығушылар осы немесе сол заттар қатысына қарай қарсы шығатындай, өзінің алдында қарсылаушысы болмайды, сондықтан оның ойлау қызметі алдын ала анықталған, бұл тінтуші адамның жағдай жөнінде жалпы көзқарасынан және көріп-байқау қасиетінен байқалады. Рефлекстік ойлаудың қиындығы, ол жасырушы өзінің қарсыласын білмей және оның қарсы істерін байқамай, өзінің басқаруын келешекке деген жағдайға аударып жібереді, сондықтан тінту кезінде не болатынын ойлай алмайтыны рефлексивтік басқаруды қорытындылады.

Тінтілушінің психологиялық ерекшеліктерін есепке алу кезінде оның саналы айла-әрекеті мен еріксіз қимылын алдын ала болжай білу маңызды орын алады. Саналы айла-әрекет мынадай мақсатты көздейді: тінтушінің көңілін белгілі бір учаскелер мен заттардан аударып әкету; оған нақты бір заттардың елеулі емес екендігін немесе белгілі бір объектілерді сақтау орны ретінде қолдана алмау мүмкіндігіне көз жеткізу; ізделетін заттарды бүркемелеп немесе оны тауып алудың жолын жабу. Бүркемелеуші қимыл-әрекеттің белсенді нысандары тінту жүргізуге көмек көрсеткенмен, өзінің өмір жүйесін бүрмалаумен, тінту жүргізуге қатысты сылтау табумен және басқалармен көрінеді. Тінтілуші адам ізделген заттарды жасыра отырып, тінтуші адамның жиіркенгіш, ұялшақ, жасқаншақ, аяушылық білдіру, аңқаулық, тиянақсыз сияқты кері итермелеуші қасиеттерін, іздестіру орындарға жетудің қиындығын ойластырады, осылайша қылмысты тергеуге қарсы әрекет жағдайларын қалыптастырады.

Көптеген жағдайда жасыратын орындарды ойластыру тінтілетін адамның тұлғалық қасиеттерін байланысты болады. Атап айтқанда: кәсібі, білім деңгейі, ұлты, соттылығының бар-жоқтығы, біліктілігі мен білгірлігі, тәжірибесі мен қабілеті, жынысы мен жасы көптеген жағдайда контрабанда заттарын жасыру әдістерін анықтауға себеп болады. Мәселен, автомобиль, теміржол және басқа да көліктерде жасыратын орын ұйымдастыру осы көлік иелерінің немесе олардың экипаж мүшелерінің кәсіби білгірлігі мен біліктілігіне, тәжірибесіне негізделеді. Егер шетел азаматы болған жағдайда тінту жүргізу кезінде олардың ұлттық сипаттарын ескеру керек.

Тінту жүргізу тінтілетін адамның ішкі сезіміне қатты әсер ететініне, ерекше қысымшылық көрсететініне де назар аудару білу керек. Атап айтқанда осындай кезде адамның жүрек қағысы өзгеріп, қан қысымы көтеріліп немесе азаяды, тынысы тарылады немесе жиілейді. Белгілі бір өзгерістер тінтілетін адамның бет-жүзінен де, қимылынан да байқалып қалады (түсі өзгеріп,

қызарып немесе бозарып кетеді, тыным таппай қозғала береді немесе бір орында қатып тұрып қалады).

Тінтілушінің психикалық қобалжушылық күйі ізделген заттың жасырылған жеріне жақындап қалғанда күрт өзгертінді байқалып қалады. Сондықтан, тінту жүргізуші адам тінтілушінің осындай күйін аулап қалатындай оның бет-жүзіне, қимыл-әрекеттеріне жиі қарап қойып отыру керек, сондай-ақ жасыратын орынның орналасқан жерін көрсететіндей объективті белгілерге де назар аударып мынадай әрекеттерді аулауға тырысу керек: чемодандағы заттардың қисынға келмейтіндей ретсіз салынуы, автомобиль дөңгелегінің жүк салмағына сәйкес келмеуі, винттер мен бұрандалардың жаңадан бұралғандығы, гайкадағы сызық іздер, көлік құралдарының жаңадан немесе қайталама боялып сырлануы, тасымалданатын заттардың сыртқы және ішкі беттері мөлшерінің сәйкеспейуі, жолаушының шамадан тыс толық немесе толықша болып көрінуі және басқаларға ерекше көңіл аударған жөн.

Тінту өндірісінің тағы бір маңызды ерекшелігі ол тінтудің тактикалық тәсілдерін дұрыс қолдану болып табылады. Тінтудің тактикалық тәсілдері нені және қайдан іздестіру деген сұрақпен анықталады. Осыған сәйкес тінту өндірісінің деңгейі төртке бөлінеді:

1) тінтудің алдын ала сатысы, жедел тергеу тобының тінту жеріне келуін қамтиды, ол дұрыс тінту өндірісін қамтамасыз етеді;

2) белгілеу сатысы — тінту жүргізуге тиіс үй-жайды немесе аймағын аралау, мән-жаймен танысу, тінтудің жоспарын құру, тергеу әрекетіне қатысушылар арасында міндеттерді толық бөлу, техникалық әдістерді қолдану туралы шешімдерді қабылдау;

3) бөлшектеу сатысы — тергеуге мүдделі объектілерді іздеу, сонымен тергеу әрекет жолмен фото-кино сурет және бейнежазбамен бекітеді. Осы сатыда көптеген тінтудің тактикалық тәсілдері жасалады;

4) қорытынды сатысы — бұл тінту нәтижесін бекітуіне тергеу әрекетінің хаттамасын және оған тізімдеме жасауды қамтиды, егер де қажет болса ол үшін іздестіріп жатқан үй-жайдың және аумақтың жоспары мен схемасын дайындауға фотоаппарат, бейнекамераны немесе бейнемагнитофонды қолдана алады.

Тінту өндірісінің кейбір жағдайында тінту жүргізілетін тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттеуінде қателіктерге жол беріледі, ол іздестірілетін объектілерді алу және табуға қиындық туғызады, ал кейбір жағдайда жағымсыз зардаптарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар тінту хаттамасында алынған объектілердің жеке ерекшеліктері толық бейнеленбейді. Осы кемшіліктерді жою, біздің ойымызша әртүрлі категориядағы қылмыстарды ашудағы осы тергеу әрекетінің тиімділігін жоғарлатуына жағдай туғызады.